



**KAZ MINERALS PLC**  
6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

**2016 жылғы 13 желтоқсан**

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІМЕН \$300 МЛН НЕСИЕ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ АЛДЫНДАҒЫ НЕСИЕ ЖЕЛІСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ ЖАҒАЛАНУЫ**

KAZ Minerals Тобы Қазақстанның даму банкімен (ҚДБ) \$300 млн көлеміндегі несие желісі жөніндегі келісімге қол жеткені туралы хабарлайды. Келісімге қол қою 2016 жылғы 14 желтоқсанға жоспарланып отыр.

ҚДБ несие желісі Ақтоғай жобасын аяқтау жұмыстарын қаржыландыру мақсатында алынып отыр. 2016 жылғы 6 желтоқсанда мұнда сульфидті кендерді өңдейтін негізгі кен байыту фабрикасында іске қосуды жұмыстары басталған болатын. Жоспар бойынша аталған несие желісі жыл соңына дейін игерілетін болады. Несие желісінің мерзімі - 8,5 жыл. Қарыз бөлшектеп қайтарылатын болады: алғашқы төлемнің уақыты 2018 жылғы маусым айында болса, 2019-2024 жылдары төлемдер жарты жылда бір рет, яғни мамыр және қараша айларында жасалатын болады. Ал соңғы төлем 2025 жылдың маусым айында жасалады. Пайыздық сыйақы мөлшерлемесі – АҚШ долларындағы LIBOR плюс 4,5%. Несие желісін ұсыну Қытайдың мемлекеттік даму банкі ұсынған несие желісі кезіндегі сияқты және теңгенің долларға қатысты айырбастау курсының толқуларына байланысты әсерін жұмсартуға негізделген жиынтықты міндеттер мен жиынтықты активтердің қатынасына негізделген қаржылық ковенантты көздеп отыр.

Сонымен қатар несие желісін ұлғайту тектіктеріне сәйкес, Топ қолданыстағы экспорт алдындағы қаржылық несие желісі аясында ING Bank N.V. қатысуын қосымша \$50 млн арттыру туралы келісімге қол жеткені туралы хабарлайды. Бұл қаражат жыл соңына дейін игерледі деп жоспарланып отыр. Сөйтіп, 2016 жылғы 31 желтоқсанда экспорт алдындағы несие желісінің жалпы көлемі, қосымша желілерді игеруді ескеретін болсақ, \$283 млн жуық болады деп көзделген. Бұған дейін хабарланғандай, KAZ Minerals Топтың 2016 жылғы іс-әрекетінің қаржылық нәтижелерінің шолуы жарияланған соң несиелеуші банктер синдикатымен несие желісін ұзағырақ мерзімге қайта қаржыландыру жөніндегі келіссөздерін жандандырмақ.

Сонымен қатар, Топтың экспорт алдындағы қаржы желісі бойынша таза берешегінің EBITDA көрсеткішіне деген ара салмағын ескеретін қаржылық ковенанттың әрекетін уақытша тоқтату мақұлданды. Оны сынау 2016 жылдың 31 желтоқсанына жоспарланған. \$50 млн көлеміндегі жаңартпалы несие желісі бойынша осындай сұранымға Caterpillar Financial Services (UK) Limited компаниясынан растайтын жауап келді.

KAZ Minerals Тобының қаржы директоры Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: «Біз Қазақстан даму банкі ұсынған \$300 көлеміндегі ұзақ мерзімді жаңа несие желісі және 2017 жылға жоспарланған қайта қардыланлыруға дейін экспорт алдындағы несие желісінде ING Bank N.V. қатысуын \$50 млн арттыру туралы келісімдерге қол жеткеніне қуаныштымыз. Бұл транзакциялар Топтың түрлі қаржы көздерін пайдалану мүмкіндігі бар екенін және несиелеуші тараптардан айтарлықтай қолдау алып отырғанын көрсетіп отыр».

**Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:**

**KAZ Minerals PLC**

|                 |                                                                 |                              |
|-----------------|-----------------------------------------------------------------|------------------------------|
| Анна Маллер     | Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон | <b>Tel: +44 20 7901 7814</b> |
| Мақсұт Жапабаев | Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы       | <b>Tel: +7 727 244 03 53</b> |
| Алмас Садықов   | Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы     | <b>Tel: +7 727 244 03 53</b> |

**РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ**

**KAZ Minerals** – Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Шығыс Қазақстанда орналасқан төрт кеніші мен үш кен байыту фабрикасында, Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде, Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде жүргізеді. 2015 жылы Шығыс Қазақстан мен Бозымшақтағы катодты мыстың жалпы өндіріс көлемі 81 мың тоннаны құрады. Ілеспе өнім ретінде 94 мың тонна концентраттағы мырыш, түйіршік түріндегі 3,14 млн. унция күміс пен құйма түріндегі 35 мың унция алтын өндірілді.

2016 жылдың ақпан айында Топ Павлодар облысында орналасқан ашық типтегі ірі ауқымды кеніш – Бозшакөл кен байыту кешенін іске қосты. Компанияның екінші өркендеу жобасы – Шығыс Қазақстандағы Ақтоғайда сульфидті кенді қайта өңдеу учаскесінің құрылысы жалғасуда. Аталмыш жобалар осы саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырмақ.

Павлодар облысында орналасқан Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық жобалық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кен орнынның пайдалану мерзімі – 40 жылдан астам. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Операциялық шығындар бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші жобалар арасында бірінші квартильге кіреді. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын катодты эквивалентегі 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғайда тотыққан кеннен катодты мыс өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылғы бірінші тоқсанның аяғында басталады. Сульфидті кенді қайта өңдеу жөніндегі жылдық қуаты – 25 млн тонна. Мыс мөлшері 0,33% (сульфидті кен) және 0,37% (тотыққан кен). Кен орынды пайдалану мерзімі - 50 жылдан астам. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші жобаларының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі - алғашқы 10 жылда сульфидті кен учаскесінен жыл сайын өндірілетін 90 мың тонна катодты эквивалентегі мысты және тотыққан кен учаскесінен өндірілетін 15 мың тонна катодты мысты құрайды.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон, Гонконг пен Қазақстан қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, басым бөлігі Қазақстан азаматтары.

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (ҚДБ)** – 2001 жылы құрылған Қазақстан экономикасының шикізат емес және инфрақұрылым секторын жаңғырту мен дамыту жөніндегі ұлттық даму институты. Қызметінің негізгі бағыттары: өндірістік инфрақұрылым мен өңдеу өнеркәсібін дамыту, ел экономикасына ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту және жәрдемдесу. ҚДБ үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасының ірі инвестициялық операторларының бірі болып табылады. ҚДБ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрылымына кіреді.

Бұл хабарламалада ішкі ақпарат бар.